

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КӨЛІК – ЭНЕРГЕТИКА ФАКУЛЬТЕТІ



*«КӨЛІК ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ШЕШУ ТӘСІЛДЕРІ» ІХ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАЛАР
ЖИНАҒЫ*

***СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ІХ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО – ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ: «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТРАНСПОРТА И
ЭНЕРГЕТИКИ: ПУТИ ИХ ИННОВАЦИОННОГО РЕШЕНИЯ»***

***PROCEEDINGS OF THE IX INTERNATIONAL SCIENTIFIC-PRACTICE
CONFERENCE «ACTUAL PROBLEMS OF TRANSPORT AND ENERGY:
THE WAYS OF ITS INNOVATIVE SOLUTIONS»***



Нұр-Сұлтан, 2021

УДК 656
ББК 39.1
А 43

Редакционная коллегия:

Председатель – Мерзадинова Г.Т., проректор по науке и инновациям ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, д.т.н., профессор; Заместитель председателя – Султанов Т.Т., заместитель декана по научной работе, к.т.н., доцент; Сулейменов Т.Б. – декан транспортно-энергетического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, д.т.н., профессор; Председатель «Әдеп» – Ахмедьянов А.У., к.т.н., доцент; Арпабеков М.И. – заведующий кафедрой «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта», д.т.н. профессор; Тогизбаева Б.Б. – заведующий кафедрой «Транспорт, транспортная техника и технологии», д.т.н. профессор; Байхожаева Б.У. – заведующий кафедрой «Стандартизация, сертификация и метрология», д.т.н. профессор; Глазырин С.А. – заведующий кафедрой «Теплоэнергетика», к.т.н., доцент.

А 43 Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения: IX Международная научно – практическая конференция, Нур-Султан, 19 марта 2021 /Подгот. Г.Т. Мерзадинова, Т.Б. Сулейменов, Т.Т. Султанов – Нур-Султан, 2021. – 600с.

ISBN 978-601-337-515-1

В сборник включены материалы IX Международной научно – практической конференции на тему: «Актуальные проблемы транспорта и энергетики: пути их инновационного решения», проходившей в г. Нур-Султан 19 марта 2021 года.

Тематика статей и докладов участников конференции посвящена актуальным вопросам организации перевозок, движения и эксплуатации транспорта, стандартизации, метрологии и сертификации, транспорту, транспортной техники и технологии, теплоэнергетики и электроэнергетики.

Материалы конференции дают отражение научной деятельности ведущих ученых дальнего, ближнего зарубежья, Республики Казахстан и могут быть полезными для докторантов, магистрантов и студентов.

УДК 656
ББК 39.1

ISBN 978-601-337-515-1

АУТСОРСИНГТІҢ ЛОГИСТИКАДАҒЫ РӨЛІ

Сүлейменов Т.Б., т.ғ.д., профессор, Есмұхаметов Н. магистрант
esmuhametovkz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, ҚР

Аутсорсинг деп келісімшарт жасасу арқылы, оған дейін өз күшімен орындалған қызметтерді сыртқы, бізден тыс фирмаларға осы қызметтерді міндеттеуге мензейді. Мұндай қызметтерді бөлу адами және материалдық ресурстарда өзгерістерге әкеледі. Соған орай, шешімдерді қабылдау құқығы қайтадан өзара бөлінеді. Провайдер келісімшартта ескерілген сұрақтардан тыс, өзге өз қызметтерін орындайтын ресурстарды, технологияларын, техникасын және тағы да басқаларын өздігінен таңдау жүргізеді.[1]

Сондай-ақ аутсорсинг осы қосымша процестердің орындалуын қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсететін бөгде қызметкерлерді немесе компанияларды жалдауды білдіреді. Қазір бұл қызметтерді бүкіл әлем бойынша миллиондаған компания түрлі қызмет салаларында пайдаланады. Әсіресе, аутсорсинг логистикада жиі қолданылады, өйткені оны тиімді пайдалану кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін бірнеше рет арттыруға мүмкіндік береді. Аутсорсингті қолдану кәсіби қызметкерлерді тарту арқылы логистикалық қызметті жүзеге асыру процесінде компанияның шығындарын азайтуы мүмкін. Қазіргі уақытта бизнестің сәттілігі кәсіпорынның барлық бөлімшелерінің өзара әрекеттесу сапасына және мамандардың біліктілігіне тікелей байланысты екені белгілі болды.


Логистикадағы аутсорсинг функциялардың бір бөлігін немесе толық іске асырылуын өзіне ала отырып, өнімнің өзіндік құнын және жалпы шығындарды төмендету есебінен кәсіпорынның рентабельділігін арттыруға мүмкіндік береді. Компания басшылығы, өз кезегінде, басқару қызметін неғұрлым шоғырланған реттеу және бақылау үшін алынған уақыт үнемдеуін пайдалана алады. Бұл сондай-ақ персоналдың кәсіби қызметінің сапасын арттыруға күш-жігерінің шоғырлануын арттыруға мүмкіндік береді, бұл пайдаға жағымды әсер етеді. Аутсорсингті пайдаланудың бірнеше себептері бар:

- негізгі қызметті ғана қалдырып, қосымша қызметтерден құтылуды талап ететін, жаңа идеяларды жүзеге асыру;
- қызметкерлерді дайындауға елеулі шығындарды пайдаланбай, логистикалық бөлім жұмысының көрсеткіштерін жақсарту;
- компания басшылығы өз қызметіне өзгерістерді енгізу қажеттілігін сезінеді, оларды нақты анықтауды аутсорсинг көмегімен ғана анықтауға болады;
- қызметтің логистикалық түрін жүзеге асыру үшін қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігі. Аутсорсерлер бұл мәселені жоғары білікті мамандарды ұсыну арқылы шешуге мүмкіндік береді.[2]

Логистикадағы аутсорсинг өте танымал болғандықтан, логистикалық қызметтер кәсібін ұйымдастырған компаниялардың саны артты. Бұл провайдерлерді технологиялық деңгейлердің және көрсетілетін қызметтердің алуан түрлілігіне байланысты жіктеу қажеттілігі туындады. Қазіргі уақытта логистикалық қызмет көрсетудің 5 деңгейі бар:

1PL - толығымен тәуелсіз автономды логистика. Бұл деңгей компанияның барлық логистикалық қызметін жүк иесінің өзі жоспарлап, атқаратынын білдіреді. Ол өз көлік құралдары мен персоналдың көмегімен барлық қажетті операцияларды дербес орындайды.

2PL-ішінара логистикалық аутсорсинг. Логистикалық компания тек жүктерді тасымалдауға арналған машиналарды ұсынады және қоймаларды басқару бойынша дәстүрлі қызметтерді көрсетеді. 3PL-кешенді логистикалық аутсорсинг. Кәсіпорынның логистикалық қызметін жоспарлауды әлі де тапсырыс берушінің өзі жүзеге асырады, алайда көлік компаниясы алдыңғы деңгеймен салыстырғанда қызметтердің кең спектрін ұсынады және логистикалық функциялардың көпшілігін дербес орындайды.



Сурет 1. Логистикадағы аутсорсингтің үлгі-схемасы.

4PL-интеграцияланған логистикалық аутсорсинг. Мұндай деңгейдегі компаниялар тапсырыс беруші кәсіпорынның логистикалық қызметіне толығымен тартылған. Аутсорсер барлық бизнес-үдерістер мен жеткізу тізбектерін дербес әзірлейді және іске асырады. Мұндай деңгейдегі компания қызметтерін пайдалану тапсырыс берушінің бизнесін кеңейтуге және ұзақ мерзімді логистикалық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл қызмет түрі өте танымал, өйткені қазіргі уақытта компаниялар өндірісті әртараптандыруды жүзеге асырады. Сондықтан көп жағдайда компаниялар логистикалық қызмет көрсететін бірнеше кәсіпорындардың көмегіне жүгінеді. 4PL-дің негізгі артықшылықтары операциялық шығындарды, еңбек ресурстарын, айналым және негізгі капиталды қысқарту арқылы кәсіпорынның шығыстарын оңтайландырудан және оның тиімділігін арттырудан тұрады. Жүргізілген зерттеулер компанияға білікті логистикалық провайдерді енгізу операциялық шығындардың 15% - ын, сондай-ақ материалдық ресурстардың 30% - ын қысқартуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Осыған байланысты логистикалық аутсорсинг өзінің болашақ дамуы үшін үлкен әлеуетке ие деп айтуға болады.

5PL - "виртуалды" логистика. Логистикалық компания ақпараттық технологияларды пайдалану есебінен қызметтердің барлық спектрін көрсетеді. Мұндай деңгейдегі серіктес тапсырыс беруші нарығының жай-күйі бойынша барлық қажетті ақпаратқа ие және материалдық, еңбек, қаржы және өзге де ағындарды тасымалдаудың ең оңтайлы нұсқаларын ұйымдастыруға қабілетті.[3]

Виртуалды кәсіпорын - бұл логистикалық келісімнің бөлігі ретінде ақпараттық желіні пайдалану арқылы құрылған логистикалық жүйе. Виртуалдау мақсаты транзакция шығындарын азайту болып табылады, соған сәйкес бағдарламалық жасақтама мүмкіндіктері виртуалды кәсіпорында қатысушыларды табуға және олардың оңтайлы құрамын анықтауға арналған бағдарламаны қамтуы керек. 4 және 5 деңгейдегі аутсорсерлер ең жоғары сапалы логистикалық қызметтердің ең кең спектрін ұсынатын компаниялар болып табылады. Алдағы уақытта олардың қызметтері үлкен сұранысқа ие болады. Мұндай деңгейлерде бәсекелестік болмайды, алайда оларға жету оңай емес. Мұндай деңгейге бірінші болып қол жеткізген компаниялар көшбасшы болады және логистикалық аутсорсинг нарығын басқаратын болады. Қалған кәсіпорындар, ең алдымен, олардың мердігерлері болады.[4]

Артықшылықтары:

1.Технологиялық жағдайы. Технологиялық тұрғыдан кәсіпорынның әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл компанияда жоқ мамандарды тартуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда дайын мамандар өз міндеттерін біледі. Сонымен қызмет сапасы артады.

2.Экономикалық жағдайы. Экономикалық жағынан бір қызметкерді ұстап тұру шығынын азайтуға көмектеседі. Осылайша, жұмыс беруші жалдаған аутсорсингке аз көлемде қаражат жұмысайды.

3. Стратегиялық жағдайы. Компания басшылығына стратегиялық міндеттерді шешуге арналған уақытты қысқартуға, бір басты назар аударуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа технологиялық немесе басқарушылық операцияларды енгізу процесі жеңілдетіледі. Бұл шешімді қабылдау компанияны икемді етеді.

Кемшіліктері:

1. Шығындардың өсу мүмкіндігі. Егерде компания өзінің көп басшылығын аутсорингке жұмсаса, онда оның шығындары бірнеше есе артуы мүмкін. Көптеген жағдайларда компания басшылығы басқа компанияларға тым көп процестерді жүктейді. Соның салдарынан белгілі бір шешімдер қабылдау кезінде қиынға соғады.

2. Партнер-аутсорсер. Аутсорсингтік серіктес банкротқа ұшырауы мүмкін. Сол кезде компания процесінің кем дегенде кейбір функциялары жоғалуы мүмкін. Ал басқа компаниямен келісімге келу үшін уақыт керек. Сондықтан жақсы серіктесті тапқан дұрыс.

3. Басқарудың икемділігінің төмендеуі. Өйткені әр компаниялардың өзіндік тәртібі болады. Мысалы, автоөндірушілер технологиялық процестердің қауіпсіздігі үшін әртүрлі компаниялардағы әртүрлі құрамдастардың өндірісіне тапсырыс береді. Сол арқылы нақты жұмысты қадағалай алмайды.[5]

Қорытындылай келгенде, біздің еліміздің жағдайында аутсорсингті пайдалану ішкі және сыртқы нарықтағы тұтынушылармызға қызмет көрсету сапасын арттыру және логистикалық шығындарды төмендету әдісі ретінде қолдануға болады деген оймен ұштасамыз. Мақалада аутсорсингтің басты артықшылықтары мен кемшіліктері пайымдалған. Логистикалық аутсорсингтің отандық нарығының келешегі бүгінгі таңда өте жақсы көрінеді, өйткені нарықтың бұл сегменті өз өсімінің резервтерін әлі тауысқан жоқ деген ойдамыз. Мұндай өсім еліміздің экономикасы мен еңбек нарығының саппасын арттыруда үлесі зор болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Карпова Н. П., Логистикалық аутсорсингтің әлемдік даму үрдістері, 2013.
2. Логистикадағы аутсорсинг. [Электрондық ресурс] // <http://www. outsorsing.net/autsorsing-v-logistike-das>
3. Логистикадағы аутсорсинг. [Электрондық ресурс] // cargolink.ru/ls/blog/538.html.
4. Логистикалық аутсорсингтің стратегиясы. [Электрондық ресурс] // <http://nauchforum.ru/ru/node/4288>
5. Аутсорсингтің артықшылықтары мен кемшіліктері. [Электрондық ресурс] // <https://outsourcing-kadrov.ru/blog/preimushhestva-i-nedostatki-outsorsinga>

УДК 65.01

ТЕМІРЖОЛ КӨЛІГІНДЕГІ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ АРТТЫРУДАҒЫ ӘЛЕМДІК НӘТИЖЕЛЕРДІҢ АНАЛИЗИ

Т.Б. Сүлейменов т.ғ.д., профессор, Есмұхаметов Н. магистрант
esmuhametovkz@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қаласы, ҚР

Жалпы теміржол көлігіндегі жылдамдықты арттыру бұл адамзат дамуының қажеттіліктерінің бірі және ол ғылыми-техникалық прогресстің бір құраушысы болып табылады. Барлық уақытта қозғалыс жылдамдығы қоғамның тек қана инженерлік-техникалық деңгейін ғана емес сонымен қатар экономикалық деңгейінің дамуын да көрсетеді. Теміржол көлігіндегі жылдамдықты арттырудағы әлемдік өзгерістерге келетін болсақ, Еуропалық теміржол агенттігі (ERA) Италияда қосарланған режимде Stadler салған жаңа жоғары жылдамдықты SMILE (Giruno) пойызын пайдалануға рұқсат берді. Giruno Италияда 200 км/сағ жылдамдықпен Швейцария Федералды темір жолдары (SBB) мен итальяндық Trenitalia Жолаушылар тасымалы операторы арасындағы ынтымақтастық туралы келісімнің шарттарына сәйкес жұмыс істей алады. Бұл ERA агенттігінен екі ел аумағында пайдалануға рұқсат алған алғашқы көп жүйелік пойыз. 2019 жылдың ортасына дейін